

Салық салу – жаңа Салық кодексі (01.01.2026 ж. бастап)

БЗТ және зейнетақы төлемдеріне салық салу (резиденттер үшін)

- **Салық кодексінің 375-ші және 376-баптарына сәйкес** БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері мен тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатындағы біржолғы зейнетақы төлемдері (бұдан әрі – БЗТ) түріндегі табысқа салық салынуы тиіс;
- **Салық кодексінің 431-бабына сәйкес** зейнетақы төлемдері мен БЗТ түріндегі табыс салық салынатын табыс сомасынан шегеріледі;
- **Салық кодексінің 439-бабының 3-тармағына сәйкес** зейнетақы төлемдері мен БЗТ түріндегі салық салынатын табыстың мөлшері мынадай тәртіппен айқындалады:

зейнетақы төлемдері мен БЗТ түріндегі табыс сомасы,

минус

Салық кодексінің 431-бабында көзделген табыс сомасы.

Осылайша, 01.01.2026 жылдан бастап БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері мен БЗТ сомалары салықтан босатылады және ЖТС ұсталмайды.

Зейнетақы төлемдеріне салық салу (бейрезиденттер үшін)

Салық кодексінің 679-бабы 1-тармағының 29) тармақшасына сәйкес бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден табысына БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері жатады;

Салық кодексінің 682-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және 692-бабының 3-тармағына сәйкес БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері түріндегі бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден табысына салықтық шегерімдер жасалмай, төлем көзіне мынадай мөлшерлемелер бойынша салық салынуы тиіс:

салық салынатын табыс сомасы: еселенген АЕК*-ке дейін (қоса алғанда) 8 500 еселенген АЕК-тен жоғары

ЖТС мөлшерлемесі: 10% **8 500 еселенген АЕК-тен 10% + 8 500 АЕК-тен асатын сомадан 15%**

1-мысал. ҚР бейрезидентіне ТТЖ-ға кету бойынша төлем

Зейнетақы жинақтары – 6 000 000 теңге

Есептелген төлем сомасы – 6 000 000 теңге

ЖТС есептеу: $6\,000\,000 \cdot 10\% = 600\,000$ теңге

Төлем сомасы (қолына):

$6\,000\,000 - 600\,000 = 5\,400\,000$ теңге

2-мысал. ҚР бейрезидентіне ТТЖ-ға кету бойынша төлем

Зейнетақы жинақтары – 40 000 000 теңге

Есептелген төлем сомасы – 40 000 000 теңге

ЖТС есептеу:

салық салынатын табыс сомасы:

$8\,500 \text{ АЕК}^* \text{ дейін табыс (қоса алғанда)} = 8\,500 \cdot 3\,932 = 33\,422\,000$

ЖТС есептеу: $33\,422\,000 \cdot 10\% = 3\,342\,200$

салық салынатын табыс сомасы:

$8\,500 \text{ АЕК-тен жоғары табыс} = 40\,000\,000 - 33\,422\,000 = 6\,578\,000$

ЖТС есептеу: $6\,578\,000 \cdot 15\% = 986\,700$

ЖТС сомасының жиыны: $3\,342\,200 + 986\,700 = 4\,328\,900$

Төлем сомасы (қолына):

$40\,000\,000 - 4\,328\,900 = 35\,671\,100$ теңге

**айлық есептік көрсеткіш 2025 жыл = 3 932 теңге*

Өтпелі ережелер

Салық кодексінің 828-бабына (Өтпелі ережелер) сай

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI заңымен қолданысқа енгізілген 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 351-1 бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сай бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жасалған біржолғы зейнетақы төлемдері бойынша бұрын есептелген және мемлекеттік бюджетке аударылмаған жеке табыс салығын ұстап қалуды және аударуды жүргізбейді.

Осылайша, БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) кейінге қалдырылған ЖТС бойынша салықтық міндеттемелері 01.01.2026 жылғы жағдай бойынша жойылатынын түсіндіреміз.

2. Егер жеке тұлғаның салық салынатын табысын Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI заңымен қолданысқа енгізілген 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 353-бабының 3-ші және 3-1 тармақтарына сәйкес айқындау кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері және (немесе) біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі жеке тұлғаның табысына Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI заңымен қолданысқа енгізілген 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 346-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген салықтық шегерімдер жеке тұлға табыстан жеке табыс салығын ұстап қалған күннен кеш өтініш беруі себебінен қолданылмаған болса, онда жеке тұлға мұндай табыстан жеке табыс салығын ұстап қалған салық агентіне өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, салық агенті олардың негізінде Салық кодексінің 65-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген талап қою мерзімі шегінде табысты қайта есептеуді жүргізеді.

01.01.2026 жылдан бастап зейнетақы төлемдері мен тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделу ақысын төлеуге біржолғы зейнетақы төлемдері бойынша талап қою мерзімі тағы да үш жыл болатынына назар аударамыз.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер

Салық кодексінің 270-бабының 2-тармағына сәйкес – салық агенті қызметкердің пайдасына БЖЗК-ға аударған ерікті зейнетақы жарналары түріндегі жұмыс берушінің шығыстары мөлшеріндегі корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдер сақталады (қазір қолданыстағы Салық кодексінің 257-бабының 4-тармағы).

Салық кодексінің 366-бабының 18) тармақшасына сәйкес – салық агенті қызметкердің пайдасына БЖЗК-ға аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып табылмайды (қазір қолданыстағы Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 23-1) тармақшасы).

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына жасалған ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер алынып тасталатынына назар аударамыз (қазір қолданыстағы Салық кодексінің 348-бабының 1-тармағы).

ҚР Салық кодексі және ҚР Әлеуметтік кодексі

№215-VIII Заңға сәйкес* 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап:

МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ және ЖМЗЖ (жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын) төлеу жөніндегі агенттерге **ҚР Салық кодексінде аталған өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға қосылады (ҚР Әлеуметтік кодексінің 101-1-бабының 1-тармағының 119) тармақшасы)**

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар төлеуге жататын **МЗЖ мөлшерлемесі** МЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің **1% мөлшерінде** белгіленеді (**ҚР Әлеуметтік кодексінің 101-1-бабының 4-тармағы**) тармақшасы). Бұл ретте **ЖМЗЖ** мөлшерлемесі де ЖМЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің **1% мөлшерінде** белгіленеді (**ҚР Әлеуметтік кодексінің 101-1-бабының 5-тармағы**).

2026 жылғы 01 қаңтарда ҚР Салық кодексінен осы салық режимін алып тастауға байланысты патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлердің МЗЖ төлеуі жойылатынына назар аударамыз. (ҚР Әлеуметтік кодексінің 248-бабының 9-тармағының 3) тармақшасын алып тастау)

Өзгерістер интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға да қатысты болады. **Бүгінгі күні МЗЖ мөлшерлемесі орындаушының таңдауы бойынша 1% немесе 10% мөлшерінде анықталады (ҚР Әлеуметтік кодексінің 102-1-бабының 1-тармағы), ЖМЗЖ төлеу көзделмеген.**

2026 жылғы 01 қаңтардан бастап ҚР Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге жататын МЗЖ мөлшерлемесі МЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 1% мөлшерінде белгіленеді (ҚР Әлеуметтік кодексінің 102-1-бабының 3-тармағы).

2026 жылғы 01 қаңтардан бастап ЖМЗЖ мөлшерлемесі де ЖМЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 1% мөлшерінде белгіленеді (ҚР Әлеуметтік кодексінің 102-1-бабының 4-тармағы).

ҚР Салық кодексі және ҚР Әлеуметтік кодексі

Арнаулы салық режимдерінің (АСР) 7 түрін көздейтін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (ҚР Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі 01.01.2026 ж. бастап қолданысын тоқтатады.

01.01.2026 жылдан бастап күшіне енетін ҚР Салық кодексі АСР-ның 3 түрін көздейді (ҚР Салық кодексінің 16-бөлімі):

1) Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, соның ішінде интернет-платформаны пайдалана отырып, қызметін жүзеге асыратындарға арналған АСР

МЗЖ мөлшерлемесі - МЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 1% мөлшері.

ЖМЗЖ мөлшерлемесі - ЖМЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 1% мөлшері.

2) Оңайлатылған декларация негізінде АСР:

МЗЖ мөлшерлемесі - МЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 10% мөлшері.

ЖМЗЖ мөлшерлемесі - ЖМЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 3,5% мөлшері.

3) Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған АСР:

МЗЖ мөлшерлемесі - МЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 10% мөлшері.

ЖМЗЖ мөлшерлемесі - ЖМЗЖ есептеу үшін алынатын кірістің 3,5% мөлшері.

 www.enpf.kz

 enpf@enpf.kz

 1418

**Назар аударғаныңызға
рахмет!**

